

Әлемдің әбігерге салған пандемия еліміздің білім саласына да қатты зардабын тигізді. Караптандық шектеулерге байланысты елдегі білім ошақтары түгелдей қашықтан оқыту жүйесіне көшті. Алғашында абдырап қалған ұстаздар қауымына жедел түрде оқытудың электронды технологиясын менгеруге тура келді. Қысқасы, пандемия елдегі білім беру саласына жаңаша көзқараспен қарауға мәжбүр етті. Кешегі құндылықтар өзгеріп, оқытудың электронды технологиясы арқылы сапалы білім беру ісіне айрықша мән беріле бастады. Мемлекет басшысы



Қасым-Жомарт Тоқаев «Жаңа жағдайлардың Қазақстан: іс-қимыл кезеңі» атты биылғы Жолдауында білім саласындағы цифрландыру мәселесіне айрықша тоқталып, әрбір адамның «өмір бойы білім алу» қажеттігіне ерекше назар аударды.

Жаңа технология – жетістіктер бастауы

Казақстанда қашықтан оқыту технологиясын қолдану арқылы өзінің сапалы білім беру құқығын таратқышы келеттіндерге мүмкіндік беретін «e-Learning» атты электронды оқыту жүйесі бар. М.Әуезов атындағы Оңтүстік Казақстан мемлекеттік университеті карантин кезінде осы жүйе арқылы қашықтан оқыту процесін тиімді жүргізе білді. Университет бұл бағытта электронды оқу контенттерін даярлауға белсенді түрде кіріспі, қашықтан оқыту технологиясын ендірудің дидактикалық және әлеуметтік-психологиялық мәселелерін зерттеуден өткізді.

Университеттің инновациялық технологиялар білім институтының сайтында оқу-ақпараттық порталы жұмыс істейді. Оnda оқу үдерісін үйімдастыру, талапкерлерге жоғары білім алу жолдары, университет және факультеттегі жайлы ақпараттармен катар деканға сауал қою параптасы, онлайн кеңесші, жиі қойылатын сұрақтар, фотогалерея, Прометей жүйесіне ену сілтемелері, ҰБТ-ға желілік дайындық курсары мен өз-өзін тестілеу, ашық электронды ресурстар, бейне сабактар орналастырылған. Порталдың дизайны және мазмұны жиі жаңартылып, тың деректермен толықтырылып тұрады. 2019-2020 оқу жылында портал дизайнны мен мазмұнына өзгерістер енгізіліп, сайтың мобильді нұсқасы жасалды. Енді тыңдаушылар смартфондар, планшеттер мен ультрабуктер сиякты құрылғылар арқылы сайттағы ақпараттармен таныса алады. Ал, студенттер мен оқытушылар Прометей жүйесінде жұмыс істей алады.

Қазіргі таңда интернеттің дамуына байланысты желілік технология қашықтан оқытудың негізгі білім беру технологиясы ретінде қолданылады. Қашықтан оқытудың желілік технология арқылы біріккен коммуникациялар жүйесі қолданыска енгізілді. Бұл жүйенің көмегімен интернет арқылы онлайн режимде сабак етуге мүмкіндіктер тұды. Ақтау, Қарағанды, Ташкент қалаларындағы университет екілдіктері студенттерге сабакты осы жүйе арқылы өткізе бастады. Сонымен катар құндізгі білім студенттеріне, магистранттарға шетел ғалымдарының онлайн сабактары үйімдастырылды.

ОҚМУ-дың жаңынан қашықтан оқыту технологиясы бойынша оқу курстарын өткізумен айналысатын аймақтық білім жетілдіру орталығы құрылып, университеттің және жекеменшік білім беру үйімдарының 1000-ға жуық оқытушылары мен қызметкерлері біліктілігін арттыру курстарынан өтті. Ақпараттық-коммуникациялық технологияға бетбұрыстың нәтижесінде университеттің білім беру бағдарламаларын түгел қамти алатын электронды білім беру контенті жасалынды. Бұдан белек, түрлі ақпарат көздеріне жылдам кол жеткізетін сенімді интернет жылдамдығы жүзеге асты.

Университет – Германияның ASPIIN аккредитациялық агенттігінде 13 білім беру бағдарламасын халықаралық аккредитациядан өткізу арқылы инженер-техникалық сала мамандарын жоғары дәрежеде даярлай алатынын дәлелдеген қазақстандық алғашқы жоғары оқу орындарының бірі. ТМД жоғары оқу орындарының ішінен алғашқы болып химия саласы бойынша 4 мамандықтың «Евробакалавр» белгісін және 4 EUR-ACE@ белгісін алуды үшін аккредитациядан сәтті етуі де бітірушілер мен студенттердің бәсекеге қабілеттілігі мен мобильділігінің жаңа деңгейін көрсетсе керек.

Университетте ТМД желілік университеттері аясында Ресей халықтар достығы университеті және Новосібір мемлекеттік университетімен бірге «Халықаралық құқық», «Халықаралық менеджмент» және «Филология» бағдарламалары бойынша қос дипломды магистранттарды даярлау жобасы іске асырылуда. Бакалавриаттың бітірушілерге IT- технология, нанотехнология, экология бағыттары бойынша Шанхай үйімдарының желілік университеттің магистратурасында оқуын жалғастыруға мүмкіндіктері бар.

Казіргі таңда бірыншай ақпараттық оқыту арқылы көрші елдер мен Казақстанның оңтүстік аймақтарында тұратын тұрғындар үшін сапалы және косымша білім беруді қолжетімді етуге ерекше көңіл белгіншілік отыр.

Еңіліхан ҚОЗЫБАЕВ,
ОҚМУ-дың инновациялық
технологиялар білім институтының
директоры, педагогика
жылымдарының докторы, профессор.